




Абай Құнанбайұлының
«Қыс» өлеңі






*Абай
Құнанбаев
“Қыс” өлеңі*

Абай кім?







- Абайдың азан шақырып қойған аты – Ибраһим.
- Әжесі Зере сүйікті немересін Абай, яғни сүйкімді деп еркелеткен. Осыдан кейін ел арасында шын аты аталмай, Абай атанып кетеді.



- Абайдың әкесі - Құнанбай. Құнанбай Өскенбайұлы 1802 жылы өмірге келеді. Ол халық арасында өте беделді, абыройлы, әділ би болған. Ол 81 жыл ғұмыр кешкен. Құнанбай ел ішінде қажы атанған.
- Семей өңірінде Құнанбай қажының мешіті орналасқан.



- Абайдың әжесі - Зере Абайға халық қазынасынан нәр беріп, бойына ізгілік шуағын сепкен, білімге итермелеген ұлы ұстаз, тәлімгер, ана.
- Анасы Ұлжан – ұстамды, мейірімі мен ақылы мол дана кісі болған.

- Зере әже көңілі кең, жүрегі нәзік адам болған. Абай әжесін қатты жақсы көреді. Күндіз де, түнде де ертегі айтқызады.


- Абай әжесімен бірге: “Е-е.. Бұлдыр-бұлдыр күн өткен, Бұрынғыда кім өткен?” – деп бастап, әңгіме сұраған тілегін осылайша бастайтын.





- Абай қоғам өміріне, ел басқару ісіне араласты. Абай кез келген істің мәнін бейбіт түрде шешті.

- Абай он екі жасында Семей қаласындағы Ахмет Риза медресесіне түседі. Онда 3 жыл оқиды. Медреседе оқып жүріп 3 айдай орыс мектебінен дәріс алады. Абай **араб, түрік, парсы** тілдерінде үйренеді.




- Абай Құнабаев


Н. Долгополов досымен бірге.



- Абай орыс әдебиетімен Пушкин, Лермонтов, Достоевский, Белинский, Добролюбов шығармаларымен танысады. Әсіресе Пушкин мен Лермонтовтың шығармаларын сүйіп оқыған.




Абай тоғыз жасынан бастап өлең шығарған.
Балаларға арналған өлеңдері “Адам болам десеңіз”, “Әсемпаз
болма әрнеге”, “Жазғытұрым”, “Күз”, “Қыс” т.б



Абай тоғыз жасынан бастап өлең шығарған.
Балаларға арналған өлеңдері “Адам болам десеңіз”, “Әсемпаз
болма әрнеге”, “Жазғытұрым”, “Күз”, “Қыс” т.б

Абай туралы



“Абай-терең теңіз, алып мұхит... Ал мен оның бетін ғана қалқыдым”

М.Әуезов



“Мен Абайды енді түсініп жүрмін. Өлеңдерін оқыған сайын бір жаңалық ашқандай боламын.

Т.Ахтанов



“Сөзің асыл-баға жетпес, бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес”.

М. Жұмабаев

ҚЫС

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығыш үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы,
Бет қарауға шыдамай, теріс айналды.

Абай Құнанбаев



Лирика – гректің *lyra*-лира аспабының сүйемелдеуімен айтылатын көркем өдебиет жанрының бірі



Лириканың басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикалық шығармалар өлеңмен жазылады.



Абайдың “Қыс” өлеңі табиғат лирикасына арнап жазған өлеңі. Бұл өлең 1888 жылы жазылған.

СӨЗДІКТЕН ЖҰМЫС

- Домбығу-үсік шалу
- Ант ұрған –қарғыс атқыр
- Шидем- қойдың жабағысынан сыртын қаптап тіккен киім
- Ұлпа- шоқ-шоқ бұлттар
- Қондыбай, Қанай- ауыл аттары

● **Кейіптеу** - табиғат құбылыстарын жандандырып, адам кейпінде суреттеуді айтамыз

● **Теңеу** - заттың не құбылыстың ерекше белгілерін басқа затпен не құбылыспен салыстыра суртеттеу

Үй тапсырмасы

- Абайдың өмірі туралы білу, деректер жинау
- “Қыс” өлеңін жаттау
- Қыс бейнесіне сурет салу